

"Legit" адвокаттық кеңсесінің серіктесі Ляззат Ватаева – Алматы қаласының адвокаттар алқасының адвокаты, экономика саласындағы сот даулары мен қылмыстық істерге маманданған.

Ватаева ханымның тәжірибесі экономикалық мәселелерге байланысты қылмыстық істерді қамтиды. Оның тәжірибесінде бизнесті рейдерлік жолмен тартып алуға талпыныс жағдайында бизнес иесіне аса ірі көлемдегі алаяқтық айыбы тағылған іс бойынша ақтау үкімі бар.

Жеке тәжірибесін бастамас бұрын, Ватаева ханым заңгерлік фирма басшысы және әртүрлі ұйымдарда жетекші лауазымдарда жұмыс істеген. Жалпы еңбек өтілі – 35 жыл, заңгерлік салада – 25 жыл, адвокат ретінде – 20 жыл.

### **Дағдылары**

- Қазақстан Республикасы заңнамасының практикалық ерекшеліктерін білу;
- Процессуалдық құжаттарды дайындау дағдылары;
- Әртүрлі деңгейдегі соттарда және арбитраждарда өкілдік ету, дауларды сотқа дейін реттеу, сот шешімдеріне шағымдану және клиенттерге кеңес беру саласында бай тәжірибесі бар.

### **Білімі**

- Юриспруденция академиясы – "Әділет" Жоғары құқық мектебі: юриспруденция (2000 ж.).

### **Заңгерлік тәжірибеге рұқсат/біліктілік**

- Қазақстан Республикасы, адвокат ретінде, лицензия № 00004659 06.04.2004 ж., фамилияны өзгерткеннен кейін – лицензия № 0003911 24.09.2010 ж.

### **Басқа жетістіктері**

- Адвокаттық қызметіне байланысты көптеген алғыс хаттар.